


Көшен
ЕЛЕУОВ:

«ЖАҢА ЗАЕМ—ЖАУҒА СОҚҚЫ»

1940 жылдың 5 июнінде елімізде 12 миллиард сом көлемінде мемлекеттік Екінші соғыс заемы шығарылғаны мәлім. Ал осы заем сол 5 июнь күні, яғни бір-ақ күнде елімізде 14 миллиард 561 миллион сом көлемінде таратылған болатын. Бұл патриоттық іске біздің облысымыздың еңбеккерлері де айтарлықтай үлес қосты.

Облыстық «Советтік Қазақстан» газеті бұл күнге арнап «Жаңа заем — жауға сокқы» деген жалпы тақырыппен сол 5 июнь күні санында арнаулы бет берді. Ол бетте ақын Көшен Елеуовтің «Заем — қару» деген өлеңі, басқа да еңбеккерлердің патриоттық сезімге толы, мемлекет қуатын еселеп арттыра беру үшін жеке қаражаттарымен үлес қосатындықтарын білдірген, басқаларды да осыған үндеген хаттары берілген.

Ал 8 июньдегі газет санында облыс бойынша 7 июньге дейін 87 миллион 51 мың сомның заемы таратылғаны, мұның ішінде жұмысшылар мен қызметшілердің 64 миллион 544 мың, колхозшылардың 19 миллион 113 мың колхоздер мен кәсіпшілік артельдерінің 3 миллион 394 мың сомның соғыс заемына жазылғаны, ал бұлардың 17 миллион 394 мың сомы қолма-қол төленгені хабарланды.



Заемға жазылу мұнымен тоқталып қалмаған болатын, газет оның барысын үзбей қадағалап жазып отырды.

Майданға көмек үзіліссіз, ұдайы жасалып жатты, әрине. Ол жайлы облыстық архив мекемесіндегі іс қағаздарының тігінділері сан қилы сыр шертеді. Мәселен, еңбекшілер депутаттары облыстық Советінің 1944 жылғы февраль айында өткізілген VII сессиясында ел қорғау қорына облыс еңбекшілерінің 12 миллион 322 мың сом ақшалай, 16 миллион 371 мың сомның облигациясы, 787 сом алтын ақшамен қаржы тапсырылғаны, 21.100

пұт астық, 3.162 пұт ет, 73.700 литр сүт, 1.383 килограмм жүн, 1.000 центнерден астам овощ пен картоп, 1.097 тері, тағы басқа да көптеген өнімдер өткізгені айтылды.

Майдандағы Қызыл Армияға және Ленинград пен Москва қалаларының еңбекшілеріне, — деді осында сөйлеген еңбекшілер депутаттары облыстық Советі атқару комитеті председателінің орынбасары Я. Ланкин — 66 вагон әр түрлі азық-түлік, оның ішінде 33 мың пұт ұн мен жарма 50 мың килограмм жуық ет және басқа түрлі көптеген азық-түлік жөнел-

тілді.

Сол сияқты жоспарлы 4 миллион 6 мың сомның орнына 5 миллион 353 мың сомның ақшалай-заттай лотереясы, осының алдындағы жылмен салыстырғанда 22 миллион сомға асыра яғни 48 миллион 272 мың сомның Мемлекеттік Соғыс заемы таратылды. Азат етілген аудандардағы неміс басқыншыларынан азап шеккендерге көмек ретінде 101.406 сом ақшалай қаражат пен 100 мың пұттан астам астық жөнелтілді.

Қысқасы, өздері қаншалықты қиыншылықта бастан кешіріп, ішкен ас пен киер киімге жарымай отырып-ақ қарағандылықтар қалтасындағы қаражаты мен дастарқанындағы асынан майдандағы жауынгерлер мен қоршаудағы азат етілген аудандардағы отандастарға бөліп беруден тартынып қалған емес.

СУРЕТТЕ: 1943 жылы «Қазақстан комсомолы» аты танк колоннасы мен авиаэскадрилья жасау қорына 36.000 сом өткізген Қарқаралы қазақ орта мектебінің Ленин орденді директоры Ә. Смағұловтың атына оқушыларға, комсомолецтерге алғыс айтып келген республика комсомолы Орталық Комитетінің телеграммасының фотокөшірмесі бейнеленген.